

МЫҢБАЕВ МҰРАСЫ

Һәм агромеркәсіп саласының келешегі

Қазақтан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы, жерлесіміз академик Кәрім Мыңбаевтің туғанына 100 жыл толуы аясында жақында Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Мыңбаев ауылында «ҚР агромеркәсіп кешені салаларының жай-күйі мен оларды өркендету келешегі» деген тақырыппен халықаралық ғылыми-өндірістік конференция болып өтті.

Мал шаруашылығы және ветеринария ғылыми-өндірістік орталығы мен Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен болған бұл жиынға еліміздің ауыл шаруашылығы саласының белгілі ғалымдары қатысып, Мыңбаев мұрасы тұрасында жылы сөздер айтып және қазақстандағы агромеркәсіп кешенін өркендету жөнінде келелі әңгіме қозғады. Алқалы жиын академикке орнатылған ескерткіш тақтаны ашу салтанатымен басталды.

Кеңес одан ары белгілі ғалымдар Аймақ Жаңғалиев, Хайдар Арыстанбековтердің ұстаздары К.Мыңбаев туралы естеліктерімен өрбіді. Академик Аймақ Жаңғалиев: «Кәрім Мыңбаев менен алты жас үлкен еді. Ол қазақта генетикалық ғылым жоқ деген пікіргі қарсы шыққан болатын. Кәрім «генетика болмаса жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі қайдан шыққан?», деп соны дәлелдеуге тырысты. Сонымен бірге жабайы және қолдан өсірген өсімдіктерді будандастырып, нәтижесін көруге асыққан еді. Дегенмен де ағамыз салып кеткен сара жол, ғалымдар мен ауыл шаруашылығының көпірі тәрізді...» дейді.

Қарағанды облысының атынан Нұра ауданының әкімі Дауылбай Құсайынов лебіз жолдап кеменгер тұлғаның туған елінің

игілігі жолында атқарған сүбелі істері жайлы кеңінен әңгімелеп өтті. «Кәрім Мыңбаевтің 1948 жылғы жасаған болжамдары мен тұжырымдары бұлжытпай келіп, 1956 жылдан бастап Мойынқұм, Сарыарқа, Бетбақдала өңірлерінде мал өсіретін жаңа шаруашылықтар ашылып, өңір халық игілігіне пайдаланыла бастады» деді ол өз сөзінде. Сонымен бірге, сөзін қорытындылай келе ол жұртшылықты Қарағандыда 15-қыркүйекте өтетін ғылыми конференцияға қатысып, Нұра ауданында қыркүйектің 16 күні ұйымдастырылатын мәдени шараларды тамашалауға шақырды.

Конференцияда Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Б. Сейдалиев «Бетпақ даланың баған ашқан», директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Қ. Таджиев «Қой, ешкі, жылқы, түйе түліктерін асылдандыру, оларды өсіру технологиясы бойынша қол жеткен табыстар мен алдағы өзекті мәселелер» тақырыптарында ой өрбітті. Кәрім Мыңбаевтың қол жеткізген жетістіктерін саралай отырып, оның қайсыбір ерекшеліктеріне тоқтала кетті. Ал, Кәкеңнің немересі, «Орталық Қазақстан» газетінің тілшісі Нұрқан Мыңбаев, небәрі 42 жыл өмір сүрген ғалымның республикадағы аграрлық ғылымның негізін қалаушысы болғандығы жөнінде ой толғады. Айтпақшы, Нұра ауданында өтетін мәдени шараларға академиктің АҚШ-та тұратын үлкен ұлы, Нью-Йорк университетінің профессоры, Ресей ғылым академиясының академигі, Дәл приборлар жөніндегі инженер-электрик маман Жапар Мыңбаев келіп қатысатын көрінеді.

Өз тілшіміз.